

Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының PhD докторанты Джумабеков Ержан Фазыловичтің «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев фильмдеріндегі кинодискурс: визуалды тіл мен көркемдік бейнелер репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/Н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбында қарастырылған мәселелер төменде көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы); <p>Республикамыздың мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының анағұрлым маңызды бағыттарының бірі ұлттық өнерді сақтаудамыту, зерттеу, оны заманауи талаптарға сайдамыту, мәдени мұраларды қастерлеу. Қазақстан үкіметі креативті экономиканы дамыту мақсатында «Креативті индустрия» ұғымын енгізу арқылы мәдениетті, экономиканы және әлеуметтік саясатты тығыз байланыстырады,</p>

		<p>оның жаңа заман талаптарына сай қалыптасуына жол ашатын бағдарлама енгізген.</p> <p>- «Креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №860 қаулысы)».</p>	
	<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) <u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. Болашақта бұл диссертация аясында «Креативті индустрия» талаптарына сәйкес гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бағыттарына сәйкес ұсынуға болады.</p>	
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Отандық кинотану ғылымында Абдолла Қарсақбаев шығармашылығын жан-жақты әрі жүйелі зерттеген енбектердің саны өте аз. Бұл жағдай режиссердің қазак киноөнеріндегі ерекше орнын айқындаудың өзектілігін арттыра түседі. А. Қарсақбаевты жаңа

			<p>көркемдік бағытқа бастаған тұлға ретінде қарастыру – тарихи және теориялық түрғыдан маңызды.</p> <p>Зерттеуші оның әрбір фильміне терең талдау жасай отырып, режиссердің туындылары уақыт шеңберінен тыс, қазақ дүниетаным мен ұлттық бояуға бай, көркемдік түрғыдан терең және жаңашыл шығармалар екендігін айқындайды. А. Қарсақбаев фильмдері қазақ мәдениетінің рухани қазынасына айналған көркем дүниелер. Бұғінде кеңестік идеология аясында жасалған мәдени өнімдерге қайта көзқарас қалыптасып жатыр.</p> <p>Осы түрғыдан алғанда А. Қарсақбаев шығармашылығы әлі де жеткілікті деңгейдеғылыми түрғыдан зерттелмегенін ескерсек, диссертациялық жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігі айқындала түседі. Осыған орай, бұл зерттеу отандық кинотануға тың көзқарас ұсынып, ғылыми түрғыдан елеулі үлес қосады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Докторант зерттеу жұмысының өзекті мәселелерін, қойылған мақсат және міндеттерді жүзеге асыруда тарихи-теориялық дерек көздерін зерделеп, салыстырмалы талдаулар жасап, материалдарды өзіндік ізденісте зерттеу жасап, дәлелді тұжырымды нәтижелермен жоғары</p>

			деңгейде жазып шыққан.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі – оның ғылыми, мәдени, теориялық және практикалық мәнімен тікелей байланысты. А. Қарсақбаев шығармашылығын ғылыми әдіснама арқылы талдау қазіргі қазақ кинотану ғылымының дамуында маңызды қадам болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды және оны ашуға бағытталған. Сондықтан бұл жұмыс тақырыбына сәйкес әрі мазмұндық түрғыда толық негізделген ғылыми еңбек болып табылады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнын нақты ашады және соған толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымында логикалық байланыс сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара	Визуалды тіл мен көркемдік бейнелер жөнінде әлемдік теоретиктер М. Мартен, Б. Балаш, Г. Аристарко, З. Кракауэр , А. Астрюк, А. Базен, Е. Леви, С. Нил, Т. Эльзессер, М. Хагенер, С. Нол еңбектеріне ғылыми экскурс жасай отырып,

		<p>жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>салыстырмалы талдау жасаған. Кеңестік және ресейлік теоретиктер қатарында С. Эйзенштейн, С. Фрейлих, С. Филипов, А. Тарковский мақалалары негізінде шолу жасайды. К. Сиранов, К. Смайлов, Р. Абдулахатова, Р. Оспанова, К. Айнағұлова, К. Әлімбаева, Б. Нөгербек, Г. Әбікеева, Н. Мұқышева, Г. Мурсалимова, А. Айдар және т.б. қазақ кинотанушыларының енбектерін негізге ала отырып сынни талдаулар жүргізілген. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен ұсынылған ережелер жаңаша көзқарасқа негізделген. Олар қазақ кинотану ғылымында кеңінен зерттелмеген тақырыптар мен әдістерді қамтиды, сондықтан зерттеу ғылыми жаңалық ретінде бағаланады.</p>

		<p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары теориялық және практикалық негіздерге сүйенеді. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары – нақты теориялық негізге, жүйелі талдауға, заманауи әдіснамаға және көркемдік фактілерге сүйене отырып жасалған. Бұл зерттеу кинотану ғылымына өзіндік үлес қосатын, өзекті әрі мазмұнды еңбек ретінде бағалануға лайық.
7	Көрғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ;</u></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын</p>	<p>7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.</p> <p>7.2 Жоқ.</p> <p>7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.</p> <p>7.4 Ережелерді қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу нәтижелері және негізгі ережелер 4 ғылыми мақалаларда баяндалған, соның ішінде, Scopus базасының деректер қорына кіретін журналдарда 1 мақала, КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала жарияланған. Мақала мазмұны және қозғаған мәселесі диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>

		<p>тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ија;</u> 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>Мақалада қолданылған ереже дәлелденген.</p>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	<p>8.1 Өдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ија;</u> 2) жоқ. 	<p>Жұмыстың зерттеу әдісі ретінде тарихи-теориялық талдау, салыстырмалы сараптама тәсілдері, хронологиялық, контент-талдау әдістемелік ұстанымдары басшылыққа алынған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ија;</u> 2) жоқ. 	<p>Диссертацияда жұмыс нәтижелері компьютерлік технологияны қолдану арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік</p>	<p>Диссертацияның мазмұнынан туындайтын қорытындылар, өнертану түрғысынан талданып дәлелденген. Ал нәтижелер педагогикалық ғылымдар</p>

		<p>зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля;</u> 2) <u>жоқ.</u></p>	бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізілмеген.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттердің сілтемелермен расталған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>иля;</u> 2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Бұл диссертациялық жұмыс мәдениеттану, психология, өнертану, кинотану және кинорежиссура салалары бойынша жоғары оқу орындарында педагогикалық және тәжірибелік пәндерді оқыту үдерісінде, сондай-ақ кинотану мен режиссура мамандықтарына арналған оқу құралы ретінде қолдануға болады.</p> <p>Зерттеу кинотану ғылымы шенберінде визуалды тіл мен көркем бейнелердің репрезентациясын теориялық негізде түсінуге мүмкіндік береді. А. Қарсақбаевтың фильмдеріндегі көркем бейнелер мен визуалды тілдің режиссерлік шешімдерін жүйелеу арқылы, бұл жұмыс</p>

			киномамандарға оның шығармашылығын, кино тілін, стилін және көркемдік бейнелердің табиғатын тәжірибелік әрі теориялық тұрғыдан теренірек зерделеуге көмектесетін әдістемелік құрал бола алады. Сонымен қатар, зерттеу болашақта осы бағыттағы ғылыми ізденістерге жол ашады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында алынған нәтижелер кәсіби тұрғыда аса пайдалы болатыны сөзсіз.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Талапқа сай жазылыш рәсімделген.
11	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу жұмысында граматикалық, орфографиялық қателіктер кездеседі.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы диссертациялық еңбектің ішкі бірлігі мен маңыздылығын айқындауға бағытталған. Зерттеу барысында қол жеткен негізгі ғылыми жаңалықтарға мақаладағы зерттеулер сәйкес.

	ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Джумабеков Ержан Фазыловичтің «Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев фильмдеріндегі кинодискурс: визуалды тіл мен көркемдік бейнелер репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай әрсімделген, толық аяқталған ғылыми еңбек. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деген пікірдемін.</p>

Ресми пікір білдіруші,
өнертану кандидаты,
Күләш Байсейітова атындағы Қазақ
ұлттық өнер университетінің профессоры,
ЖАК Қауымдастырылған профессоры (доцент)

